

**БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУДАҒЫ ОҚУ БАҒДАРЛАМАРЫН
АПРОБАЦИЯЛАП ЖАТҚАН МЕКТЕПТЕРДІҢ ПЕДАГОГТЕРІНЕ
КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІ ҮЙЛЕСТІРУ
ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ**

Әлемдік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында Қазақстан Республикасы отандық білім берудің озық дәстүрлері мен стандарттарын сақтай отырып әлемдік білім беру тәжірибесіне бағытталған стратегиялық курсың таңдады. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі орта білім мазмұнын жаңартуға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыруды бастады.

Білім мазмұнын жаңарту- білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез-келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру-жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтежиесі болу керек.

2015-2016 оқу жылынан бастап Республикамыздың 30 пилоттық мектебі жаңартылған білім мазмұнын апробациялаудан өткізуді бастап кетті.

Бұл саланы жаңғыртуды көптеген мәселелері негіздейді. Соның ішінде Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін – білім жүйесі деген мәселе өзекті болып табылады. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Осы орайда жаңартылған білім беру мазмұнын дайындау және енгізу үдерісін басқару үшін 2014 жылы бірқатар нормативтік құжаттар әзірленіп,

ҚР Білім және Ғылым министрлігімен бекітілді.

Елімізде орта білім беруді 12 жылдық бағдарламаға бейімдеу мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қабылдаған шаралар негізіндегі 2014 жылдың 10 қазанындағы 411-ші бұйрығына сай бастауыш мектептің оқу бағдарламаларын енгізетін 30 пилоттық мектеп педагогтеріне консультативтік қолдау көрсету үшін Үйлестіру кеңесі құрылды. Сонымен қатар 2014 жылдың 4 қарашасындағы 452-ші бұйрығына сәйкес бастауыш мектептің оқу бағдарламаларын апробациялау және енгізу туралы ережелер бекітілді. Жалпы бұл ережелерде бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен орта білім беру мазмұнын ішнара жаңартуды енгізуге дайындық бойынша пилоттық мектептер қызметінің мазмұны мен жағдайларын анықтап және оқу бағдарламалары мен стандартты апробациялауға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері реттелді.

Бұл ережелерді енгізу пилоттық мектеп педагогикалық ұжымдарына әдістемелік сүйемелдеуді ұйымдастыру және практикалық көмек көрсетуді мақсат етеді. Апробациялаудың мақсаты Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялау үшін орта білім берудің 12 жылдық моделінің құрылымы мен мазмұнын апробациялау болып табылады. Міне, осы апробациялауға байланысты Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 2014 жылғы 6 қарашадағы №455 бұйрығы бойынша Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарын мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартын (бұдан әрі МЖБС) енгізуге дайындау, сондай-ақ орта білім беру мазмұнын ішнара жаңарту мақсатында қазақстанның 30 мектебі пилоттық мектептер тізіміне енді. Осы тізімнің ішінде Қостанай облысынан 2 мектеп енгізілді. Со-

ның бірі «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің №10 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі болатын.

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін Қостанай қаласындағы №10 орта мектебі бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беру оқу бағдарламалары оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін апробациялау бойынша эксперименттік алаң болып бекітілген. Сондай-ақ жаңартылған білім беру мазмұнын пилоттыққа енгізу бойынша жұмыстарды тиімді ұйымдастыру мақсатында Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында құрылымдық бөлімше құрылып, облыстық білім басқармалары өкілдері мен өңірлердегі Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің арасынан үйлестірушілер белгіленді.

Жаңа статусқа көтерілген мектебімізде жаңа стандарт және оқыту тәсілдерін меңгеру мақсатында арнаулы жұмыс жоспарын құрылып, сол бойынша жұмыс жасап келеміз. Әрине, бұл - ел болып көтеретін өте ауқымды іс.

Біз Қазақстанның болашағын, ұрпақтарымызды білімді, өзге өрке ниетті елдермен терезесі тең, керегесі кең, еліміздің туындық көтере алатын азамат етіп тәрбиелеу барысында аянбай еңбек етеміз.

2015-2016 оқу жылында апробациялау алаңында 1-сыныптар білім алады. Үш 1-ші сыныпта 66 оқушы бар. Бұл сыныптарды мектебіміздегі бастауыш сыныптардың білікті мамандары Бексултанова Зибагуль Калибековна, Ибрагимова Торғын Сапарбековна, Нуржанова Толқын Мирмановалар қабылдап алды. Осы аталған мұғалімдерге мектебіміздегі Қазақстан Республикасының педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламалары аясында бірінші (ілгері) деңгей бағдарламасы бойынша мұғалімдерді оқыту курстарын аяқтап, сертификатталған мұғалімдер тәлімгерлік жасап, мектептегі «Шуақ» желілік қоғамдастығы мүшелері әдістемелік көмек беріп отыр.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарын мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартын (бұдан әрі МЖБС) енгізуге дайындау, сондай-ақ орта білім беру мазмұнын ішара жаңарту мақсатында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» автономды білім беру ұйымдары мен педагогикалық шеберлік орталықтарының базасында педагогтардың білімін арттыруға байланысты Астана қаласында курстар ұйымдастырылды. Осы курстардан бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы және критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша бастауыш сынып мұғалімдері курсты аяқтады. Басқа да пән мұғалімдеріне білім жетілдіру курстарында білімдерін арттыруға жағдай жасалды. Ішара жаңадан енгізілген пәндер бойынша да мұғалімдерге толық мәліметтер берілді. Сондай-ақ үш тілді білім беруді дамыту мақсатында 1-сыныптардан бастап ағылшын тілі және орыс тілдері жүргізіліп келеді. Осы орайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 5 қарашадағы №622, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің 2015 жылғы 9 –қарашадағы №344, Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің 2015 жылғы қарашадағы №1066 бірлескен бұйрықтарымен бекітілген 2015-2020 жылдарға арналған үш тілді білім беруді дамыту жол картасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №712 бұйрығы бойынша жол картасының тармақтары бекітілді.

Әрине, бұл сынақта мұғалімнің, ата-ананың, оқушының бірлесіп атқарар ісі басты орынға қойылған. Жаңадан білім саласына енгізіліп жатқан «Жаңартылған білім мазмұнын апробациялау», «Пилоттық мектеп» деген терминдер мұғалімге де, оқушыға да, әсіресе қарапайым ата-анаға «бұл не?» деген сұрақ тудырғанын жасыра алмаймыз. Сондықтан оқу жылы басталмас бұрын, 1-ші эксперименттік сыныптарға қабылданатын оқушылардың ата-аналарымен ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып, онда ата-аналарға түрлі әдіс-тәсілдер арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Бүгінгі таңда бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты әзірленіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілгені ескертілді.

Жаңа мазмұндағы білім берудің ерекшелігі- оқушыны сыни тұрғыда ойлауға үйрету, алған білімін өмірде қолдана алу, үйренгенінен қорытынды жасай білу, өз өміріне белсене араласа алуы. Қоғамның күн сайын дамып келе жатыр, бүгінгі күн кешегі күнге ұқсамайды. Сондықтан жаңа білім беру стандартына сәйкес, заман талабына сай оқушы тәрбиелеп шығару керектігін ата-аналарға түсіндіре білдік деп ойлаймын. Сонымен қатар ата-анаға Бастауыш білім берудің мақсаты, міндеттері, оқушылар бойындағы қалыптасатын дағдылар мәліметтер ұсынылды.

Осылайша, жаңа жүйеде басталатын 2015-2016 оқу жылына жан-жақты дайындалған ата-аналар, ұстаздар, оқушылар 1 қыркүйекті асыға күтті

Міне, мектеп партасына отырған 66 оқушы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі және Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының біріге отырып ұсынылған 2015 жылғы 27 тамыздағы №01-1/1284 ұйғарымы бойынша қазір жалпы білім берудің оқу бағдарламалары оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін апробациялау бойынша 1-сыныпқа арнайы дайындалған "Атамұра", "Назарбаев Зияткерлік Мектебі", "Алматыкітап" баспасының кітаптарымен оқуды бастап кетті. Аталмыш баспалар пилоттық мектеппен үнемі байланысып, оқулықтар бойынша қиындықтар мен мүмкіндіктерді анықтап отырады. 2015 жылдың 4-7 қарашасында «Атамұра» баспасымен оқитын Ибрагимова Торғын Сапарбековна Алматы қаласына, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» оқулығымен оқитын Бексултанова Зибагуль Қалибековна Астана қаласына барып, авторлармен кездесіп, оқулық мазмұнымен, ондағы қиындықтар мен мүмкіндіктерді ортаға салды.

Сөйтіп Республика бойынша 30 пилоттық мектеп қатарына енген біздің мектеп те білім жүйесінің жаңа баспалдағына қадам басты. Оқушылардың білім білік дағдысын бақылау мақсатында Қостанай қаласындағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» автономды білім беру ұйымдары 2015 жылғы 23 қыркүйектегі №410/0Д бұйрығының негізінде 1 сыныптардан диагностикалық тестілеу өткізілді.

Осы орайда «Назарбаев Зияткерлік мектебі» автономды білім беру ұйымдары тестілеуді ұйымдастыруда бағыт-бағдар беріп отырды. Пилоттық мектеп пен Назарбаев Зияткерлік мектебі арасында апробациялау барысында қиындық туғызған мәселелерге, сұрақтарға жауап беретін, зияткерлік мектептердің іс-тәжірибесін ұсынатын мамандармен байланыс орнаған.

«Назарбаев Зияткерлік мектебі» автономды білім беру ұйымдарының басқару төрайымы К.Шамшидинованың 2015 жылдың 28 тамызында бекіткен Зияткерлік мектептердің пилоттық мектептермен 2015-2016 оқу жылында жүргізілетін жұмыс жоспары бойынша семинарлар, тренингтер, коучингтер, онлайн сабақтар жүргізілуде. 2015 жылдың қыркүйек айының 3 онкүндігінде пилоттық мектептің әкімшілігімен бірлесе отырып мектептің жаңартылған білім мазмұнына бағытталған мектептің жұмыс жоспарын құруға методикалық көмек көрсетілді.

Басқада қиындық туғызып жүрген сұрақтар бойынша мектеп әкімшілігімен онлайн кездесулер ұйымдастырылады. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» автономды білім беру ұйымдары мектепке кәсіби бағыт беруге келіп отырады.

Міне, бұл жаңашылдық біз үшін зор мақтаныш бола тұра зор жауапкершілікті де жүктейтіні анық. Сондықтан апробациялауды жүргізу барысында кездесіп жатқан қиыншылықтар да аз емес. Әрине эксперимент, апробация дегеннің өзі сол қиыншылықтар мен мүмкіндіктерді ажырату деген ұғым ғой деп ойлаймын. Мүмкіндіктер жайлы айтар болсақ, эксперимент жүргізіліп жатқан сыныптар жабдықталып, жеке жұмыс жасау мүмкіндігі және оқу әдістемелік құралдарымен, нұсқаулықтармен, бағдарламалармен, анықтамалықтармен және жоба тапсырмалар мен ұсыныстар жинағымен мұғалімдер қамтамасыз етілген. Эксперименттік сыныптарда оқушылар критериалды бағалау арқылы «жетті», «талпынды»-деп бағалып, арнайы ұсынылған электронды журналға түсіріліп отырады. Оқушылардың бағаланатын оқу мақсаттарына «жеткені», «талпынғаны» туралы ата-аналарға тоқсан сайын мәлімет беріліп отырылады.

Кездесіп жатқан қиындықтар туралы айтар болсақ, оқу мақсаттарының оқу бағдарламаларына сай келмей қалып жатуы, кейбір оқу мақсаттарының оқушы жас ерекшеліктеріне сай келмеуі, ресурстардың жеткіліксіздігі. Дегенмен осы қиындықтарды жеңу үшін «Жұмыла көтерген жүк жеңіл»-дегендей жасалып жатқан сыртқы көмектер де аз емес. Осы орайда пилоттық мектептердегі орта білім мазмұнын жаңарту барысында педагогикалық шеберлік орталығымен үнемі бірлесіп, тығыз байланыста жұмыс жасап, басты кәсіби бағытты алып келеміз. Атап айтсақ, педагогикалық шеберлік орталығының аға оқытушысы, тренер Ардабаева Қадиша Каримовна, тренер Серикбаева Роза эксперимент алаңы 1 сынып мұғалімдерімен, мектеп әкімшілігімен үнемі байланыста жұмыс жасап, әдістемелік кәсіби көмек көрсетуде. Сонымен қатар педагогикалық шеберлік орталығы апробациялаудан өтіп жатқан сыныптар үшін ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарларын ұйымдастыруға бағыт-бағдар беріп, сабақтарға қатысып, түрлі әдіс-тәсілдерді үйретіп, әдістемелік көмек-терін ұсынып отырады. Мектеп әкімшілігімен, мұғалімдермен кәсіби әңгімелер өткізіп, қиындықтарды жеңу жолдарын көрсетеді. Осыған орайда ПШО және жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен ғалымдарының қатысуымен өткізілген «Сабақты зерттеу мұғалімнің оқыту тәжірибесін жетілдіру тәсілі ретінде» -атты облыстықсеминарға пилоттық мектеп мұғалімдері де қатынасып, әдістемелік тәжірибе жинақтады.

Мектеп педагогикалық кадрлар даярлайтын жоғарғы оқу орындарымен тығыз байланыста болып отырады. Бүгінгі таңда мектебімізде осы жоғарғы оқу орындарының студенттері шеттілдері, педагогика, психология, математика салалары кәсіби тәжірибеден өтіп жатыр. Студенттердің жауапкершіліктері жоғары, өз мамандықтарын жақсы көріп, ізденіспен жұмыс жасайтындары көрініп тұр. Осы тұста елімізде білім беру жүйесіне бірқатар өзгерісте еніп жатқандықтан болашақ ұстаздарымызды осы жоғарғы оқу орындары енгізіліп жатқан өзгерістерге бағытталған дәріс түрлерін ұйымдастырса, жас мамандарымыз мектеп өміріне бейім болып келер еді деп ұсыныс жасағым келеді.

Пилоттық мектепте жұмыс жасап отырған мұғалімдер, мектеп әкімшілігі Сpm.kz порталына тіркеліп, WhatsApp арқылы, почта Mail Ru ақылы басқа да 30 пилоттық мектептегі әріптестерімен тәжірибе бөлісіп, қандай жағдай да осы білім мазмұнын жаңартуды апробациялауда еңбектеніп келеді. Білім және Ғылым министрлігінің шешімі бойынша эксперимент сыныптарда оқу бағдарламасы 5-күндік оқу жүйесіне негізделген. Бұл оқыту жүйесі осы сыныпта жұмыс жасайтын мұғалімдер үшін қолайлы болып отыр. Сенбі күндері мұғалімдер әдістемелік күн ретінде өз жұмыстарымен айналыса алады.

Сөзімді қорыта келе білімнің барлық саласындағы ақпараттардың үлкен легі, қазіргі қоғамның жылдам кәсіби қайта бағдарлауды, біліктілікті жоғарлатуды, адамның өмір жолының кез-келген бөлігінде өзін-өзі дамыта алуы мүмкіндіктерін қамтитын икемді, бейімделген білім беру жүйесіне қажеттілігі «өмір бойғы білім» қағидатына негізделген заманауи білім беру парадигмасына ауысуға алып келді.

Осы орайда елбасы Н.Ә.Назарбаев 2010 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында «заманауи білім беру жүйесі мен ұшқыр, ауқымды, жаңаша ойлайтын заманауи менеджерсіз біз инновациялық экономика жасай алмаймыз» деген еді.

Сондықтан осы жаңа жолда аянбай еңбек етіп, білім ордасы шәкірттерінің болашақта білгір, білім кілтімен қаруланған, кемел азамат болатынына сене отырып, өресі биік, мәдениеті жоғары еліміздің өткенін құрметтеп, бүгінін аялап, ертеңін бағалай білетін ұрапақ тәрбиелейік демекпін!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің білім беру факультетімен бірлесіп әзірленген біліктілікті арттыру бағдарламаларына арналған ГЛОССАРИЙ. Қазақстан-Астана 2013 жыл

2. Білім мазмұнын жаңартудағы оқу бағдарламаларын апробациялау бойынша нормативтік құжаттар жинағы. Астана 2015 жыл